

## Элективті пәндер каталогы

**7M09 - Ветеринария**  
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

**7M091 - Ветеринария**  
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

**0841**  
(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

**M138 - Ветеринария**  
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

**7M09101 - Ветеринариялық медицина**  
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

**Магистр**  
(дайындық деңгейі)

Оқуға түскен жылы 2023 жыл

## **Әзірленді**

ОП академиялық комитеті  
АҚ басшысы Н.Ж. Есенғұлова  
ББ менеджері Е. Е. Билялов

## **ҚАРАСТЫРЫЛДЫ**

Ветеринария және агроменеджмент сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында  
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды  
Хаттама № 4.1 "06" сәуір 2023 ж.  
Комиссия Төрағасы Джаманова Г. И.

## **БЕКІТІЛДІ**

Университеттің Академиялық кеңесінің отырысында  
2023 жылғы "21" сәуірінде № 5 хаттама  
Академиялық кеңес төрағасы Оралканова И.А.

## Тәжірибе жасаудың теориясы мен әдістері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Ғылымның басты талаптары негізінде ізденушінің өзі мақсат тұтқан ғылыми зерттеу жұмысының міндеттерін айқындауға және теориялық тұрғыдан әдістемелік бағыттағы ойлау жүйесін қалыптастырып бекітуді оқытады. Бұнда ғылыми теориялық қағидалардың ұстанымын логикалық тұрғыдан эксперимент жүргізудегі әдістемеліктерін сараптаудағы ізденістік дәйектемелерді құрастырады. Осы негізгі ұстанымда негізінде ветеринариялық медицинаның заманауи ғылыми жетістерін өз мақсатында қолданудағы зерттеу нысанында қалыптасудағы икемділікті айқындай алады.

### Пәнді оқыту мақсаты

«Тәжірибе жасаудың теориясы мен әдістері» пәнінің мақсаты көптеген ветеринариялық ғылымдардың жетістіктерін пайдалана отырып, магистранттарға ғылыми зерттеу барысында тәжірибе қою, оған қойылатын талаптар мен әдістемелік қамтамасыз етілуі, әдістері, алынған деректерді биометриялық өңдеу, зерттеу нәтижелерін талдау мен қорытындылауды оқыту.

### Оқыту нәтижелері

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Пәнді оқыту нәтижесінде магистранттар білу керек:

білу:

- қазіргі жаһандану жағдайындағы отандық ғылымның бағыты мен даму заңдылықтарын,

ғылым саласы бойынша отандық және жүйежүзілік ғылымның жетістіктерін,

меңгеру:

- Теориялық білім,

- Шетел тілдерімен, шетел жұмыстарымен танысу үшін (кем дегенде сөздікпен),

-эксперимент әдістері, Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мәселелері, ғылыми зерттеулерді жоспарлау,

- жануарлар ауруларын диагностикалауда арнайы және қосымша зерттеу әдістері.

дағдысының болуы:

- Шет елдердегі және ҚР – дағы ветеринариялық медицинаның қазіргі кездегі негізгі проблемаларына мониторинг жүргізуді және шешу.

- зерттеу бағыты бойынша әр түрлі тәжірибелер қоядан, алынған тәжірибе нәтижелерін талдау, өңдеу.

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

Жұқпалы емес аурулардың дәстүрлі емес әдістері

## Ветеринарлық іс жүргізу жұмысы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Ветеринариялық іс жүргізудің негізгі талабы бойынша ветеринариялық құжаттардың ресімделуіндегі заңнамалық қағидалардың сақталуы мен оған қатысты ветеринариялық санитариялық іс шаралардың іске асырылуы барысындағы ілеспелі және сақталуы міндетті құжаттардың басты талаптарын орындауды меңгереді. Іс құжаттарды ресімдеу барысында негізгі заңнамалармен қоса экономикалық, статистикалық, есептілік және өндірістік қажеттілікке тиісті басқа да ресімделулердің де іске асуын жүргізуді үйренеді.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді игерудегі мақсат – ветеринариялық саланың түріне лайықты заңнамалық ұстанымдар негізіндегі ветеринариялық іс шаралардың жүргізілуін ресімдеуді оқытады. Осыған орай білім алушы теориялық және практикалық білім алу барысында ветеринариялық биологиялық ғылым деңгейіндегі жануарларды емдеу және алдын алудағы ветеринариялық қызмет түріне сәйкес іс құжаттарын жүргізуді меңгереді. Сондай-ақ, тиісті саладағы мәселеге қатысты концепциялық жобаларды құрастырудағы өзектіліктің маңыздылығы мен практикалық құндылық әлеуеттілігін сипаттауды игереді.

### Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Ветеринария саласы мен оған қатысты іс шараларға байланысты құқықтық-нормативтік актілердің ресімделуін білу және эпизоотияға қарсы ветеринариялық-санитариялық іс шараларды ұйымдастыра алу. Ветеринариялық қызмет пен міндеттерге берілетін айғақты құжаттардың мән мағынасын жетік түсіну.

Карантиндік және шектеу іс шараларына байланысты жүргізілетін жұмыстардың жалпы жоспарын құрастыра алу және бұл жұмыстардың атқарылуына қатысты өкілетті ұйымдар мен кәсіпорындардың міндеттерін нақты көрсете білу және әртүрлі келісімдік қызмет түрлерін бірлесе атқаруға жұмылдыра алу.

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

Ветеринариялық медицинаның қазіргі замаңғы мәселелері

## Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және магистрлік диссертацияны жазу әдістері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Ғылыми ізденуші ғылыми зерттеуді жүргізудің зерттеу жоспарын құрастыру мен атқарылатын іс шараларды ұйымдастыру және алынған нәтижелерді сараптаумен қатар оған қатысты ғылыми еңбектерге сілтеме жасауды және дәйектеуді меңгереді. Сонымен қатар магистрлік диссертациялық жұмысты жазудың негізгі талаптары бойынша мамандық пен ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты мен міндеттеріне орай оның жалпы мағыналық мазмұны ойластырылып оған лайықты сипаттамалармен ізденістік нәтижелерін тұжырымдауды оқытады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді игеру бағдарламасына лайықты кәсіптік тапсырмаларды шешу мақсатындағы ұстанымдар негізінде ғылыми зерттеулердің жоспарын құрастыру мақсатында зерттеулердің әдістемеліктерін игереді. Сондай-ақ, білім алу барында алған теориялық және практикалық білім аясын жүйелеп кеңейтудегі ұстанымдары заманауи технологияға үйлесімділігіне талдау бере алады. Сонымен қатар зерттеулер нәтижесін талдау мен олардың өндіріс саласына енгізілуіне қажеттіліктерді ары қарай жүзеге асыруды меңгереді.

### Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON8 Халықты зооантропоноз ауруларынан қорғаудың құқықтық принциптерін түсіну және халықты ветеринариялық ағарту бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Ветеринария саласындағы ғылыми зерттеулерге қатысты нормативтік-құқықтық актілердің ресімделуін білу. Эпизоотияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу, жануарларды клиникалық тексеру және диспансерлеу жоспарын құрастырып негіздеуді меңгеру. Арнайы зерттеулер барысында алынған нәтижелерді дәйектей алу мен оны өндіріске енгізуге нақты ұсыныстарды бере алу.

Сонымен қатар ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесіне лайықты ғылыми-зерттеу жұмысын магистрлік диссертация талабына сай дәріптеп жазуды меңгереді.

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

Жұқпалы емес аурулардағы мәселелер

## Ветеринариялық ортопедия

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Жануарлар тұяқтарының анатомо-топографиялық құрылымын және ондағы биомеханикалық қозғалыстардың жүйелілігін анықтауды және тексеру әдістерін оқытады. Сонымен қатар ветеринариялық практика да белгілі тұяқ ауруларын дәйекті түрде сипаттауды меңгереді. Сондай-ақ, тұяқ деморфациясын қалпына келтірудегі әдіс айлалық, тағалау, шегелеудегі талаптар үйретіледі. Жалпы ортопедиялық ұғымға қатысты ауытқуларды анықтаудағы жануарлардың аяқалысы мен жүрісі сирақтарын қоюының ауруларға байланыстылығы және этиопатогенездік балау мен клиникалық белгілерді анықтау үйретіледі.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді оқытудың мақсатында жануарлардың тірек қимыл жүйесіне қатысты ауытқуды анықтау мен хирургиялық жәрдем берудің теориялық және практикалық негіздемесі оқытылады. Сонымен қатар негізгі дағдыларды игеру барысында клиникалық ой өрісін дамытып хирургиялық іс әрекетті меңгереді.

### Оқыту нәтижелері

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

ON7 Жануарлар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, организмдегі этиопатогенетикалық процесс негізінде терапиялық жүйені қалыптастыруды меңгеру.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Жануарлар тұяқтарының жас ерекшелгі, өсіп жетілуі мен күтіп бағылуындағы жағдайларына байланысты қалыптасуларына баға бере алуды және ауытқуларды анықтай алады. Тұяқ қалыптатылуының өзгерістеріне және онда туындайтын патологиялық құбылыстарға қатысты әртүрлі ветеринариялық және хирургиялық іс шараларды атқаруды меңгереді.

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

Мал шаруашылығындағы биотехнология

## Ветеринариялық офтальмология

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Ветеринариялық офтальмология көру мүшесіне ветеринариялық іс шара жүргізудің аса шеберлігін меңгеруді оқытады. Жануарлардың биологиялық ерекшелігі негізінде көру мүшесінің функциональдық қабілеті мен оның анатомиялық құрылымын тексерудегі әдістер мен балауды үйретеді. Көз ауруларына қатысты патологиялық үрдістердің дамуы мен терапевтикалық хирургиялық әдістердің қолдану техникасын жүргізудегі шеберлігін қалыптастырады. Көз ауруларына тиісті жоспарлы түрде жүргізілетін алдын алу және емдеудегі заманауи іс шаралардың жоспарын құрастыруды үйретеді.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Пәннің мақсаты – жануарларға қатысты офтальмологиялық қызметті қамтамасыз етудегі теориялық және практикалық білімді игерудегі алғы шарттарды қалыптастырады. Сонымен қатар жануарлардағы офтальмологиялық ауруларға байланысты хирургиялық қажеттіліктерді жүзеге асыруды үйретеді.

**Оқыту нәтижелері**

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON7 Жануарлар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, организмдегі этиопатогенетикалық процесс негізінде терапиялық жүйені қалыптастыруды меңгеру.

ON9 Жануарлар мен құстар ауруларының емдеу-алдын алу іс-шараларының нәтижелерін талдау.

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Жануарлардың биологиялық ерекшелігіне қарай көру органының анатомиялық-физиологиялық жағдайына қатысты клиникалық балау, емдеу және көру органының негізгі аурулары мен зақымдануының алдын алуды меңгереді. Көздің анатомиялық құрылымына қатысты негізгі қызметтерді түсіне алу мен көздің торлы қабықта және оптикалық нервте қан айналымы жеткіліксіздігінде жедел жәрдем көрсету.

Көз алмасы мен көз қосымшаларын тексере алу және көру органының функцияларын зерттеуді үйренеді. көзге таңғыш жабу.

**Пререквизиттер**

Бакалавриат

**Постреквизиттер**

Ветеринариядағы практикалық терапия

**Ит мысықтардың хирургиялық аурулары**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Ит және мысықтардың хирургиялық аурулары пәні жануар организмінде пайда болған дерттік үрдістің патогенездік жағдайын анықтап хирургиялық іс шара қажеттілігін айқындауды оқытады. Яғни пән өз міндеті негізінде хирургиялық көмекті қажет ететін мүшенің анатомиялық құрылымы мен сол мүшеде орналасқан патологиялық ошаққа топографиялық тұрғыдан сипаттама беріп оған жетудің хирургиялық жолын айқындап операциялық істі жоспарлап және оған барлық қажеттіліктерді құрастыруды үйретеді.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Ауру жануар организмінде патологиялық процестерді табудың теориялық және практикалық дағдыларын студенттерге беру, олардың пайда болу себептерін және жағдайларын, аурудың мәнін, алдын-алу және күресу шараларын білу.

**Оқыту нәтижелері**

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON8 Халықты зооантропоноз ауруларынан қорғаудың құқықтық принциптерін түсіну және халықты ветеринариялық ағарту бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу.

ON9 Жануарлар мен құстар ауруларының емдеу-алдын алу іс-шараларының нәтижелерін талдау.

**Пән бойынша оқыту нәтижелері****Пререквизиттер**

Бакалавриат

**Постреквизиттер**

Кинология және фелинология

**Эпизоотологиядағы ГАЖ-технологиялар**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Эпизоотологиядағы географиялық ақпараттық жүйе (ГАЖ) ветеринарияда өз маңыздылығымен ерекшеленеді. ГАЖ – дық технология компьютерлік автоматтандыруда эпизоотологиялық ақпаратты жанақтау және ұзақ мерзімді статистикалық мәліметтерді жүйелендіру мен әртүрлі бағдарламалық мағлұматтармен әрдайым танысып отыруға мүмкіндік береді. ГАЖ құрылымға электронды карта және ауруға қатысты себеп салдарлық байланыстар мен жануарлардағы инфекциялық аурулардың таралу динамикасын енгізу талаптары үйретіледі. Жүйелік құрылымда географиялық Web-серверлік жүйемен жұмыс істеу үйретіледі.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Пәнді оқытудың мақсатында – инфекциялық аурулардың пайда болуындағы әртүрлілік, бәсеңдеуі мен жойылып кетуіндегі жағдайлардың теориялық және практикалық негіздемесін игереді. Осыған орай геоақпараттық талдау үшін автоматтық негізде картографиялық мониторингке жүйелеп енгізуге деректемлер жинақтап оларға талдау жүргізуді меңгереді.

**Оқыту нәтижелері**

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.  
ON4 Эпизоотологиялық талдауды, инфекциялық емес және инвазивтік ауруларды диагностикалауды және емдеуді меңгеру.  
Жануарлардың өлу себептерін анықтау.

ON6 Ветеринариялық қызмет түрлеріне байланысты нормативтік құқықтық акт ретінде ветеринариялық заңнаманы практикада қолдану.

ON9 Жануарлар мен құстар ауруларының емдеу-алдын алу іс-шараларының нәтижелерін талдау.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Эпизоотиялық үрдістің таралуы мен қауіптілігіне қатысты болжамдық бақылауды жүйелеу үшін географиялық ақпараттық жүйе технологиясын пайдалануды меңгереді.

Ветеринариялық практикалық зерттеу нәтижелерін ГИС технологиясында пайдалану бойынша ұсыныстарды беруді үйренеді. Қауіпсіздік талаптарын сақтап, қауіпті қоздырғыштармен жұмыс істейтін биологиялық зертханада жұмыс істеу дағдыларын меңгереді.

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

Жануарлардың сирек кездесетін және экзотикалық паразитарлық аурулары

## Аймақтық эпизоотология

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Аймақтық эпизоотология жануарлар мен құстар арасындағы жұқпалы ауруларға мониторинг жасап ауру ошағына талдауды үйретеді. Инфекциялық бастаудың нозологиялық түрлеріне қарай аумақтық қамтылуы мен оның таралу мүмкіндігі мен буферлік аймақтарға өзіндік болжаулық нұсқамалар көрсетіледі. Осыған орай аурудың алдын алу жоспарларын құрастыру үйретіледі. Сонымен қатар инфекциялық бастамаларға экологиялық классификациялар жіктеледі. Бұнда инфекцияның шығу мүмкіндігі жоғары абiotикалық нысандарға болжау жасау оқытылады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәннің мақсатында – негізінен жұқпалы ауруларға қатысты ветеринариялық-географиялық негіздеме ретінде экологиялық жүйеге қатысты әр аумақтағы жануарлар арасындағы инфекциялық аурулардың пайда болуы зерделенеді. Сонымен қатар жұқпалы аурулардың қоршаған ортаға қатысты тарихи және генетикалық байланыстылығы дәріптеледі.

### Оқыту нәтижелері

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON4 Эпизоотологиялық талдауды, инфекциялық емес және инвазивтік ауруларды диагностикалауды және емдеуді меңгеру.  
Жануарлардың өлу себептерін анықтау.

ON6 Ветеринариялық қызмет түрлеріне байланысты нормативтік құқықтық акт ретінде ветеринариялық заңнаманы практикада қолдану.

ON9 Жануарлар мен құстар ауруларының емдеу-алдын алу іс-шараларының нәтижелерін талдау.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Жұқпалы аурулардың аумақтық таралу ерекшелігіне қатысты эпизоотиялық үрдістің даму заңдылықтарын талдау, таралу және жойылу процестерін басқаруды үйренеді. Заманауи диагностикалық сынақтардың нәтижелерін түсіндіру ауру жұқтырған жануарлармен жұмыс істеу және олармен ары қарай қалай әрекет ету жағдайларын меңгереді.

Кешенді эпизоотологиялық іс шараларды пайдалана отырып, инфекциялық ауру малдар арқылы инфекциялық үрдістің дамуын және алдын алуды игереді.

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

Ветеринариялық энтомология және энтомологиялық зерттеу әдістері

## Жануарлар мен құстардың инфекциялық ауруларының эпизоотологиялық мониторингі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән ветеринариялық практикадағы жануарлар мен құстардың инфекциялық ауруларындағы аса маңыздылығымен ерекшеленетін негізгі фактордың шығу көздерімен оның жануар организмне енуі жағдайларын оқытады. Осыған орай инфекциялық аурудың нозологиялық түріне қатысты этиопатогенездік үрдістерін зерделеуді игереді. Сондай-ақ, ауруға қатысты эпизоотологиялық жағдайын бағалау және қайталанбалылығын болжап аумақтық ақпараттық базалық мәліметті жинақтаумен және оған қарсы ветеринариялық-санитариялық іс шараларды жоспарлап құрастырады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді оқытудың мақсатында – жануарлар мен құстар арасында инфекциялық аурулардың таралуы мен оның түрлеріне қатысты эпизоотологиялық және инфектологиялық ілімнің теориялық және практикалық негіздемелерін меңгереді. Сондай-ақ инфекциялық ауруларды анықтау және онымен күрес шараларының жоспарын құрастыруды игереді. Сонымен қатар эпизоотологиялық мониторинг және қадағалаудағы заңнамалық қағидалар негізінде құжаттық ресімдеуді үйренеді.

### Оқыту нәтижелері

ON4 Эпизоотологиялық талдауды, инфекциялық емес және инвазивтік ауруларды диагностикалауды және емдеуді меңгеру.  
Жануарлардың өлу себептерін анықтау.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық

алдын алу іс-шараларын көрсету.

ON6 Ветеринариялық қызмет түрлеріне байланысты нормативтік құқықтық акт ретінде ветеринариялық заңнаманы практикада қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Жануарлар арасында жұқпалы аурулар үрдісінің даму заңдылықтарын талдау және жануарлардың жұқпалы ауруларының пайда болу, таралу және жойылу процестерін басқаруды меңгереді. Инфекциялық үрдісті анықтау бойынша заманауи диагностикалық сынақтардың нәтижелерін түсіндіру ауру жұқтырған жануарларды оқшаулау және жоюдағы талаптарды меңгереді. Аурудың таралу қарқындылығын ескере отырып эпизоотиялық процестің алдын алудың жоспарын құрастыруды игереді.

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

Ветеринариялық медицинаның қазіргі замаңғы мәселелері

## Көбею мүшелерінің клиникалық және биофизикалық балау әдістері

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Жануарлардың жыныс мүшелері ауруларын балау және мүшенің функциональдық қабілетін анықтаудағы заманауи приборлармен жұмыс істеуді үйрену. Жалпы бұл бағытта биофизикалық тексеру әдістері арқылы жыныс мүшесінің анатомо-физиологиялық жетілуі мерзімдеріне қарай анатомиялық құрылымы негізінде анықтауды меңгереді. Сонымен қатар жануарлардағы белсіздік пен жыныс мүшелеріндегі патологиялық үрдістер зардаптарын анықтап оған қатысты ветеринариялық медициналық ұстанымдағы терапевтикалық және алдын алуды оқытады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді оқытудың мақсатында жануарлардың өсіп өніп көбеюіне қатысты жыныс жүйесінің функциональдық жағдайларын балау барысында қолданылатын биофизикалық тексерулердің теориялық және практикалық негіздемелері игеріледі. Сонымен қатар биофизикалық әдстерді меңгеру барысында клиникалық-диагностикалық және емдеу мен алдын алу шараларының алғы шарттарын үйренеді.

### Оқыту нәтижелері

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

ON7 Жануарлар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, организмдегі этиопатогенетикалық процесс негізінде терапиялық жүйені қалыптастыруды меңгеру.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Жануарлардың физиологиялық жетілуіне қарай олардың көбею мүшелері қызметтерінің қабілеттілігін алдын ала тексерудегі биофизикалық балау әдістерін қолдануды үйренеді.

Көбею мүшелеріндегі пайда болатын патологиялық туындылардың табиғаты мен тетіктерін зерттеуге теориялық және әдістемелік тәсілдерді қолдана алуды меңгереді.

зерттеулердің сапасын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүргізу

### Пререквизиттер

Жұқпалы емес аурулардың дәстүрлі емес әдістері

### Постреквизиттер

Ветеринариядағы практикалық терапия

## Мал шаруашылығындағы биотехнология

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән биотехнологияның заманауи бағыттарын зерттейді, *in vitro*, *in vivo*-да жасушада көбейіп, белгілі бір өнімді синтездеуге қабілетті генетикалық материалдың жаңа комбинацияларын мақсатты құрастырумен байланысты. Ол биотехнологияның ғылымдарын зерттейді және мал шаруашылығындағы өндірістік процесті жақсарту үшін биотехнологияның биологиялық негіздері мен әдістері туралы білімді қолдана отырып, мал шаруашылығы мен өндіріс процесінде жаңаларын жасай алады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді оқыту мақсатында ауыл шаруашылық маңыздағы жануарларды өсіріп көбейтудегі заманауи жетістіктегі биотехнологиялық негіздемелер бойынша генетикалық әлеуеттіліктерін зерделеудегі теориялық негіздемелер бойынша талдауды үйренеді. Сонымен қатар жоғарытехнологиялық жетістіктің практикалық қолданысқа енгізілуіндегі болашақтық күтілетін нәтижелерге дәйектемелік негіздеме құрастыруды меңгереді.

### Оқыту нәтижелері

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Мал шаруашылығын белгілі бір мақсатта өсіріп көбейтудегі алғы шарттарды негіздеп оларға қатысты биотехнологиялық қағидаларды құрастыра алуды меңгереді. Жануарлардың бедеулігі мен қысыр қалудың алдын алу және бақылау әдістерін және табиғи шағылысын және қолдан ұрықтандыру технологиясын жүргізуді меңгереді.

Мал шаруашылығындағы технологиялық тұрғыдан зоотехникалық, селекциялық және азықтандыру мен ұстау түрлерінің ұтымды жақтарын таңдауды игереді.

#### **Пререквизиттер**

Ветеринарлық іс жүргізу жұмысы

#### **Постреквизиттер**

Жануарлардың гематологиялық параметрлері

### **Акушерлік істе диагностикалық емдеудің және алдын алудың заманауи әдістері**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Мал шаруашылығын қарқынды түрде дамытудың алғы шарттары негізінде заманауи әдістік технологияларды мейлінше игеру барысында жануарлардың акушерлік ауруларын балау, емдеу және алдын алу мақсатында қолданылатын ветеринариялық медицина жетістіктерін пайдалануды оқытады. Донор мен реципиенттің жыныстық цикл синхронизациясын ынталандыру технологияларын қолдануды үйретеді. Генетикалық әлеуетті жануарларды көбейтудің озық үлгілерін қолдануды меңгереді. Жануарлармен акушерлік және селекциялық жұмыс істеу барысындағы гигиеналық дербестікті сақтау жолдарын үйрену.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Пәннің мақсатында жануарлардың физиологиялық жағдайларына қатысты акушерлік диагностикалық алғы шарттардың теориялық және практикалық негіздемелері оқытылады. Сонымен қатар қажеттілікке қатысты көрсетілетін акушерлік көмек және емдеу мен оның алдын алудағы заманауи озық айла тәсілдер үйретіледі.

#### **Оқыту нәтижелері**

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON6 Ветеринариялық қызмет түрлеріне байланысты нормативтік құқықтық акт ретінде ветеринариялық заңнаманы практикада қолдану.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Олар ветеринариялық акушерлік қызметтің өзекті мәселелеріне байланысты емдік-профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруда технология жетістіктеріне сәйкес заманауи әдістерді қолдануды үйретеді. Осыған байланысты пәнді базалық оқыту кезінде жануарлардың биологиялық ерекшеліктері мен физиологиялық күйіне байланысты нақты алғышарттар игеріледі.

#### **Пререквизиттер**

Тәжірибе жасаудың теориясы мен әдістері

#### **Постреквизиттер**

Жұқпалы емес аурулардағы мәселелер

### **Ветеринариялық энтомология және энтомологиялық зерттеу әдістері**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Ветеринариялық энтомология заманауи тұрғыдан энтомологияның басқада салаларымен тығыз байланыста дами отырып жануарлардың биологиялық тіршілігіне қатысты насекомдардың биологиялық ортасында таралуымен жан-жануарға әкелетін зияндылықтарын зерделеп оқытады. Ғылым ретінде жануарлар ауруының қоздырғышы және әртүрлі инфекциялық және инвазиялық ауру қоздырғыштарын тасымалдаушы ретіндегі мәселелерді ветеринариялық тұрғыдан меңгереді. Сондай-ақ, жануарлар өнімдері сапасына айтарлықтай нұқсан келтіруіндегі және кейбір фауналық маңыздылығындағы биологиялық ерекшелігіде қарастырылады.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Пәнді оқытудың мақсатында жәндіктердің (насеком) биологиялық жүйелік құрылымын, анатомиясы мен физиологиясын зерделеудегі іргелік білімін қалыптастыруды тереңдеді. Сонымен қатар негізгі биологиялық және экологиялық ерекшеліктері мен ауылшаруашылығына тигізетін зияндылықтары мен кейбір пайдалы әрекеттері де оқытылады. Сондай-ақ, олармен күрес шаралары да үйретіледі.

#### **Оқыту нәтижелері**

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON8 Халықты зооантропоноз ауруларынан қорғаудың құқықтық принциптерін түсіну және халықты ветеринариялық ағарту бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу.

ON9 Жануарлар мен құстар ауруларының емдеу-алдын алу іс-шараларының нәтижелерін талдау.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

#### **Пререквизиттер**

Аймақтық эпизоотология

#### **Постреквизиттер**

Жануарлардың сирек кездесетін және экзотикалық паразитарлық аурулары

### **Ветеринариялық арахнология және акарологиялық зерттеу әдістері**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Ветеринариялық арахнология жануарлардың буынаяқты паразиттерінің жануарларға тигізетін зиянына қарай, белгілі бір инфекциялық және инвазиялық аурулардың жұқтырушы және ауру қоздырғыштарын тасымалдаудағы ерекшеліктері оқытылады. Сондай-ақ, бұлар жануардың өлім жітімге тікелей ұшыратпағанымен олардың өнімін айтарлықтай дәрежеде төмендетудегі алғы шарттары қарастырылады. Осыған орай ветеринариялық арахнология буын аяқтылармен тікелей және жануарға тигізген әсерлерімен күрес шараларына ғылыми негіздемелерін сипаттауды үйретеді.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Пәннің мақсатында ветеринариялық арахнология және акарология негізінде жәндіктердің сүт қоректілер мен құстар денесінде тіршілік етуіндегі биологиялық үрдістері оқытылады. Сонымен қатар бұл жәндіктердің жүйелік ерекшелігінің түрлеріне қатысты жануар организміне және қоршаған ортаға тигізетін зияндылықтары зерделенеді. Сондай-ақ, бұл жәндіктерге қатысты күрес шараларының теориялық практикалық негіздемелері үйретіледі.

**Оқыту нәтижелері**

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Ветеринариялық арахнология мен акарология саласы бойынша мал шаруашылығына келетін экономикалық шығындармен ветеринариялық іс шаралардың жүргізілуі тиімділігін сараптауды меңгереді. Сондай-ақ, жәндіктер тарапынан жануар организмі мен өнімділікке тигізетін зардаптары әсерінен туындайтын патогенездік үрдісті балауды және анықтау үшін сынама алу әдістерін игереді. Осыған орай жәндіктердің түрлері мен оларға қатысты күрес шараларының мезгілдік және жедел іс шараларын жүргізуді үйренеді.

**Пререквизиттер**

Жануарлар мен құстардың инфекциялық ауруларының эпизоотологиялық мониторингі

**Постреквизиттер**

Жануарлардың сирек кездесетін және экзотикалық паразитарлық аурулары

**Кинология және фелинология**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән асыранды үй жануарларының шығу тегі, өсіп жетілуі барысындағы әртүрлі зооветеринариялық және зоопсихологиялық талаптармен ұстанымдарды зерделеуді қалыптастыруды оқытады. Сонымен қатар жануардың биологиялық әлеуетіне қарай дамытудағы ізденістік қажеттіліктер айқындалады. Оларды өсіріп көбейтудегі селекциялық жұмыстарды жүргізу барысында туындайтын мәселелелерді шешудің жолдарын үйретеді. Кинологиялық тұрғыдан кейбір әдет дағдыларды жануардың бойына сіңірудегі әдістемеліктер жетілдіріліп әртүрлі аурларды емдеу және алдын ау шаралары оқытылады.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Пәннің мақсатында жануарларды өсіріп асыраудағы биологиялық маңыздылығын адамзат игілігі барысында іске асыру үшін зоотехникалық және зоопсихологиялық негіздемелерін теориялық практикалық тұрғыдан меңгереді. Сонымен қатар жануарларды арнайы бір әдетке қалыптастыру үшін қолданылған айла тәсілдердің озық үлгілерінің әдістемеліктерін жетілдіруге қатысты дағдыны үйренеді.

**Оқыту нәтижелері**

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON6 Ветеринариялық қызмет түрлеріне байланысты нормативтік құқықтық акт ретінде ветеринариялық заңнаманы практикада қолдану.

ON8 Халықты зооантропонос ауруларынан қорғаудың құқықтық принциптерін түсіну және халықты ветеринариялық ағарту бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу.

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Ет қоректі үй жануарларын асырап өсірудегі ветеринариялық жалпы қажеттіліктерді меңгереді. Сонымен қатар ит пен мысықтардың тіршілігі барысында адамзатқа қажетті пайдалы әдет пен іс әрекеттердің үйренуіне қажеттіліктерді негіздеп алып жануар бойына қалыптастыруды меңгереді. Осыған орай жануарлардағы этологиялық қылықтардың дұрыс сіңірілуіне ықпал етуді үйренеді.

**Пререквизиттер**

Ит мысықтардың хирургиялық аурулары

**Постреквизиттер**

Иттер мен мысықтардың паразитарлық және инвазиялық аурулары

**Ит және мысықтардың жұқпалы емес ішкі аурулары**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән ит пен мысықтар арасында кездесетін жұқпалы емес аурулардың этиопатогенездік факторларын зерделеуді оқытады. Сонымен қатар дерттік үрдістің салдарынан туындайтын клиникалық симптомдардың көрінісін патофизиологиялық тұрғыдан тануды және нозологиялық танымдық балауды айқындап беруді үйретеді. Осыған қатысты ауруларды классификациялау мен диагноз қою барысындағы морфобиохимиялық талдау нәтижелерінің клиникалық маңыздылықтары бойынша

дифференциациялауды үйретіп ауруларды емдеу мен алдын алуға терапевтикалық сипаттама беруді оқытады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Пәнді оқу мақсатында ет қоректі үй жануарларына қатысты жұқпалы емес аурулардың этиологиялық факторларына лайықты симптоматологиялық негіздемелерді жүйелеуді құрастыруға қажетті алғы шарттарды меңгереді. Осыған орай нозологиялық таным бойынша емдеу және алдын алу шараларын игерудегі терапевтикалық негіздемелерді үйренеді.

### **Оқыту нәтижелері**

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON9 Жануарлар мен құстар ауруларының емдеу-алдын алу іс-шараларының нәтижелерін талдау.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Үй жануарларындағы жұқпалы емес ішкі ауруларының пайда болуындағы этиопатогенездік факторларды сараптай алуды меңгереді. Ауруларды балау барысында жануарлардың биологиялық ерекшелігіне қатысты зерттеу және анамнездік мағлұматтарды жинақтау барысындағы озық үлгілерді түсінуді меңгереді. Жануарларды емдеудегі клиникалық фармакологиялық ұтымдылықты болжай алып оған дәйектеме беруді игереді.

Заманауи құрал мен аспаптарды пайдалануды меңгереді.

### **Пререквизиттер**

Ит мысықтардың хирургиялық аурулары

### **Постреквизиттер**

Иттер мен мысықтардың паразитарлық және инвазиялық аурулары

## **Жұқпалы емес аурулардың дәстүрлі емес әдістері**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Жануарларды дәстүрлі емес әдістермен емдеудегі әртүрлі факторлардың (ине, әлсіз тоқ күші, лазерлік сәуле, суық, қысым күйдіргіш, тітіркендіргіш және т.б) жануар денесіндегі биологиялық нүктелерге әсер етудегі физио-биологиялық механизмдері сипатталады. Осыған орай биологиялық нүктеде әсер етуші фактордан туындайтын морфологиялық құрылымдағы биохимиялық және биофизикалық түзілістер тарапынан жануар организміндегі жүйелік және тұтас организмдегі жағымды жақтардың пайда болуын дәйектеп оқытады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Пәннің мақсатында – жұқпалы емес ауруларды емдеудегі терапевтикалық қағидалар негізіндегі дәстүрлі емес емдеудегі алғы шарттар оқытылады. Осыған орай этиопатогенетикалық үрдіске лайықты емдеудегі үйлесімділіктің тиімділігін негіздеу. Сонымен қатар ондағы фармако-биохимиялық үрдістерге теориялық және практикалық сипаттамалар үйретіледі.

### **Оқыту нәтижелері**

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON9 Жануарлар мен құстар ауруларының емдеу-алдын алу іс-шараларының нәтижелерін талдау.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Жануарлардағы жұқпалы емес аурулардың этиопатогенетикалық сипатына байланысты мүмкіндік жағдайында қолданылатын дәстүрлі емес емдеу тәсілдеріне негіздемелерді құрастыру мен оларды қолдануды меңгереді. Ауру түріне қатысты этиопатогенетикалық үрдісті толық түсіне алу мен тексеру әдістерін таңдай алуды игереді.

### **Пререквизиттер**

Тәжірибе жасаудың теориясы мен әдістері

### **Постреквизиттер**

Ветеринариядағы практикалық терапия

## **Жұқпалы емес аурулардағы мәселелер**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Қазіргі уақытта мал шаруашылығын қарқынды түрде дамытуға байланысты жануарлардан алынатын өнімдердің жоғарғы көрсеткішіне жету барысында жануарларда жұқпалы емес этиологиялық дерттік үрдістер туындауда. Осыған орай өзекті мәселелерді заманауи тұрғыдан шешудің жаңа ізденістері қарастырылып оларды ветеринария ғылымы бойынша зерделеуді оқытады. Этиологиялық факторлардың салдарын дәйектеумен қатар организмнің иммунологиялық резистенттілік көрсеткіштеріне қарай жануар денсаулығын бағалауды оқытады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Пәннің мақсатында ауыл шаруашылық жануарларының жұқпалы емес ауруларына қатысты өзекті мәселелерді шешудегі озық үлгілерге теориялық негіздеме беруді үйренеді. Осыған орай бұл алғы шарттардың практикалық тұрғыдан іске асуына тиісті негіздемелерді жүзеге асыруды меңгереді.

### **Оқыту нәтижелері**

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON7 Жануарлар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, организмдегі этиопатогенетикалық процесс негізінде терапиялық жүйені қалыптастыруды меңгеру.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Ветеринариялық медициналық практикада жануарлардағы жұқпалы емес аурулардың өзекті мәселелерін анықтау және оны заманауи деңгейде шешуді меңгереді. Ауруларға балау жүргізуге қажетті зерттеу әдістері мен қолданылатын аспап пен құрал

жабдықтарды қолдануды игереді. Нозологиялық ауру түріне қарай анамнездік мәліметтерді жинақтауды және ажырату кезінде негіздемелік дәйектемелерді сипаттай алуды үйренеді. Кездейсоқтық жағдайларға байланысты тексеру дағдыларын қалыптастыруға бейімделеді.

#### **Пререквизиттер**

Тәжірибе жасаудың теориясы мен әдістері

#### **Постреквизиттер**

Төлдердің жұқпалы емес ауруларының диагностикасы

### **Ветеринариядағы практикалық терапия**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Ветеринариялық терапияның қағидалары негізінде қалыптасқан практикалық ұстаным негізінде ветеринар дәрігерінің жануарларды емдеу және алдын алудағы өзіндік тәжірибесін заманауи талапқа сай қалыптастырады. Емдеу алдындағы аурудың нозологиялық түріне лайықты диагностикалық тұрғыдан дифференциациялау арқылы этиопатогенетикалық факторды анықтай отырып, емдеудің өзіндік ұтымдылығына сипаттама беру және шипаұсынымдық негіздемені құрастыруды оқытады. Бұнда негізінен организмнің резистенттілігін көтерудегі торшалық және гуморальдық факторларды ынталандыруға негізделген іс шара жүргізіледі.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

##### **Оқыту нәтижелері**

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

ON6 Ветеринариялық қызмет түрлеріне байланысты нормативтік құқықтық акт ретінде ветеринариялық заңнаманы практикада қолдану.

ON7 Жануарлар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, организмдегі этиопатогенетикалық процесс негізінде терапиялық жүйені қалыптастыруды меңгеру.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

##### **Пререквизиттер**

Жұқпалы емес аурулардағы мәселелер

##### **Постреквизиттер**

Зерттеу практикасы

### **Құстардың жұқпалы емес ішкі аурулары**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Құстың биологиялық ерекшелігі мен өсіп жетілуі және ұстау мақсатына қатысты құстар арасында туындайтын жұқпалы емес аурулардың клиникалық және патологоанатомиялық деректерін зерделеуді оқытады. Ауруларды тану негізінде қарастырылатын этиологиялық және патогенездік сипаттамаларды дәйектеуді үйренеді. Сондай-ақ, оны анықтау әдістерін қолдана отырып, полиэтиологиялық даму процестерін қарастырудың негізгі мәселелерін зерттейді. Құс организмді резистенттілігінің төмендеуі мен ассоциативті аурулардың пайда болу тетіктерін зерделейді.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Пәннің мақсатында құстардың түрлеріне қатысты жұқпалы емес ауруларына лайықты ветеринариялық іс шараларды қолданудың ұстанымдары оқытылады. Сонымен қатар құстардың биологиялық ерекшеліктеріне тиісті аурулардың алдын алу және оларды балау барысында қолданылатын әдістемеліктермен терапевтикалық техникалар үйретіледі.

##### **Оқыту нәтижелері**

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

ON7 Жануарлар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, организмдегі этиопатогенетикалық процесс негізінде терапиялық жүйені қалыптастыруды меңгеру.

ON9 Жануарлар мен құстар ауруларының емдеу-алдын алу іс-шараларының нәтижелерін талдау.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Құстардың биологиялық және өсірудегі мақсаттық ерекшеліктеріне байланысты туындайтын жұқпалы емес факторлық аурулардың этиопатогенетикалық үрдістерін жете түсінуді меңгереді. Осыған орай аурудың нозологиялық түріне қарай балау және сараптау мен терапевтикалық іс шараларды тағайындауды игереді. Сонымен қатар құс организмнің өзіндік биологиялық ерекшелігіне қарай дербес жүйелер қызметтерін ондағы физиологиялық үрдістерді жете түсінуді игереді.

##### **Пререквизиттер**

Құс паразитоздарын емдеудің және алдын алудың заманауи әдістері

##### **Постреквизиттер**

Жануарлардың аурулары мен өліміне сот- сараптама

### **Жануарлардың гематологиялық параметрлері**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Жануар генотипіне сәйкес гомеостаздық тұрақтылықты сақтаудағы ең басты маңызды қызметтер гематологиялық және физико-биохимиялық үрдістер болып табылады. Гематологиялық көрсеткіштер дәйектемелерін математикалық модельдеу әдістемеліктерін игере отырып, ондағы құбылыстарға сипаттама беру оқытылады. Сонымен қатар алған білім негізінде қан құрылымындағы морфобиологиялық негізге, клинико-иммунологиялық тексеру арқылы жануар денсаулығына баға беруді меңгереді. Алынған дәйектемелер негізінде емдеу және алдын алу шараларына арнайы іс шара жоспарын құрастыруды үйренеді.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Пәнді оқу барысында жануар организміне қатысты физиологиялық клиникалық жағдайларының дәрежесін анықтау және балау барысында қан құрамындағы морфобиохимиялық көрсеткіштерді тексеру және ол бойынша бағалауды оқытады. Осыған орай қан құрамы көрсеткіштерінің диагностикалық маңыздылығындағы өзара қатынастық үйлесімділіктеріне дәйектеме беруді үйренеді.

**Оқыту нәтижелері**

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON4 Эпизоотологиялық талдауды, инфекциялық емес және инвазивтік ауруларды диагностикалауды және емдеуді меңгеру. Жануарлардың өлу себептерін анықтау.

ON7 Жануарлар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, организмдегі этиопатогенетикалық процесс негізінде терапиялық жүйені қалыптастыруды меңгеру.

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Жануар организміндегі иммунобиологиялық немесе физиологиялық қалыптылықты анықтау мақсатында жүргізілетін қан құрамындағы морфофункциональдық зерттеулерді тексеруді игереді. Осыған орай заманауи жетістіктегі приборлар, жабдықтармен жұмыс істеуді үйренеді. Гематологиялық зерттеуге қажетті қан сынамаларын алу оларды сақтау және тасымалдау әдістерін игереді. Сондай-ақ, биологиялық материал және диагностикалармен

**Пререквизиттер**

Ветеринариялық медицинаның қазіргі замаңғы мәселелері

**Постреквизиттер**

Клиникалық анатомия (Секциялық курс)

**Жануарлардың сирек кездесетін және экзотикалық паразитарлық аурулары**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Жануарлардың өзі өсіп жетілген немесе табиғи түрде климаттық және биогеоценоздық жағдайынан бейімделген ортасынан басқа жағдайға келіп өмір сүруінде туындайтын паразитарлық ауруларды оқытады. Аурулардың таралмауына қатысты жоспарлар құрастыруды меңгереді. Бұл аурулар әсіресе жабайы хайуандар арасында пайда болуына қатысты әртүрлі тексеру зерттеу жұмыстары жүргізіліп арнайы ветеринарлық шараларды жүргізуді үйренеді. Оқу нәтижесінде экзотикалық инвазиялық, тропикалық жануарлар ауруларымен танысудың алғы шарттары қалыптасады.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Пәннің мақсатында жануарлар арасында сирек кездесетін инвазиялық ауруларды балау және емдеу мен оның алдын алудағы ветеринариялық терапевтикалық іс шаралар оқытылады. Сонымен қатар ұған қатысты іс шаралардың заманауи әдістерінің ұтымдылығы сипатталынады.

**Оқыту нәтижелері**

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON4 Эпизоотологиялық талдауды, инфекциялық емес және инвазивтік ауруларды диагностикалауды және емдеуді меңгеру. Жануарлардың өлу себептерін анықтау.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Жануарлар арасында географиялық және басқа да себептерге қатысты сирек кездесетін паразитарлық аурулардың пайда болуына сараптама беруді меңгереді. Осыған орай паразиттік қоздырғыштардың түрін анықтау мақсатында қоршаған ортадан және жануардан сынама алу әдістерін игереді. Қоздырғыштарды балау барысында қажетті зерттеу әдістерін жүргізуді және талдауды үйренеді.

**Пререквизиттер**

Ветеринариялық энтомология және энтомологиялық зерттеу әдістері

**Постреквизиттер**

Онкопатология

**Құс паразитоздарын емдеудің және алдын алудың заманауи әдістері**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Құстардың паразитарлық ауруларын емдеу барысында заманауи емдеу және алдын алу іс шараларының озық үлгілерімен ақпараттық мәлімдемелер арқылы танысуды және оған сараптама жасауды оқытады. Бұнда негізінен гельминтоздық аурулардың эпизоотиялық жағдайларын ескере отырып құстардың зақымдану жолдары және аурудың таралу механизмдеріне талдау жасалып, тиісті іс шараларға болжам жасауды зерделейді. Инвазиялық ауруларға қатысты озық үлгідегі

ветеринариялық іс шаралардың ұтымдылығын пайдалануға негіздемелік сипаттама беруді оқытады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Пәннің мақсатында құс паразитоздарын балау және емдеу мен алдын алудың жоғары технологиялық ветеринариялық ұстанымдарын оқытады. Осыған орай құстар арасындағы паразитоздық аурудың таралуы мен оған қатысты терапевтикалық іс шаралардың озық үлгілерін қолдануды меңгереді.

### **Оқыту нәтижелері**

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

ON7 Жануарлар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, организмдегі этиопатогенетикалық процесс негізінде терапиялық жүйені қалыптастыруды меңгеру.

ON9 Жануарлар мен құстар ауруларының емдеу-алдын алу іс-шараларының нәтижелерін талдау.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Құстардың тіршілік ету ортасы мен биологиялық ерекшелігіне қарай паразитарлық аурулардың пайда болу себептерін анықтау және оған қатысты ветеринариялық іс шараларды жүргізуді меңгереді. Осыған орай паразит қоздырғышының өзіндік дамуы мен аралық иелеріне байланысты алдын алу шараларын жүргізуді үйренеді. Құстарды уақытылы тексерудің жоспарын құрастыру мен қажеттіліктерді анықтауды меңгереді.

### **Пререквизиттер**

Ветеринариялық медицинаның қазіргі замаңғы мәселелері

### **Постреквизиттер**

Жануарлардың аурулары мен өліміне сот- сараптамасы

## **Иттер мен мысықтардың паразитарлық және инвазиялық аурулары**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Ит пен мысық организміндегі мүше мен тіндерде инвазиялық аурулар қоздырғыштары мекендеуге бейімделуіндегі биологиялық ерекшеліктеріне қарай әртүрлі мүшелерде және кейбірі тек қана бір мүшеде таңдаулы түрде жинақталуына дәйектемелікті оқытады. Осыған орай инвазиялық ауруларды балау барысында арнайы тексеру зерттеулері әртүрлі сынамаларға жүргізіледі. Сонымен қатар микроскопиялық мөлшердегі анықталатын инвазиялық аурулар бастамасын анықтау мен олардың өзіндік түрлерін ажыратуда морфологиялық, биологиялық анықтамалық әдістер қолдануды үйретеді.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Пәннің мақсатында ет қоректі үй жануарлар арасындағы инвазиялық ауруларға қатысты ветеринариялық іс шараларды оқытады. Осыған орай паразиттік қоздырғыштың таралуы және олардың өзіндік биологиялық ерекшелігі мен жануар организміндегі тіршілік әрекеттеріндегі жағдайлар зерделенеді.

### **Оқыту нәтижелері**

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

ON7 Жануарлар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, организмдегі этиопатогенетикалық процесс негізінде терапиялық жүйені қалыптастыруды меңгеру.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Үй жануарларының арасында пайда болатын паразитарлық аурулардың дамуына себепкер болатын паразиттің бастаудың аралық иелерін анықтау мен емдеу шараларын жүргізуді игереді. Осыған орай жануар инвазиялық ауруды жұқтырған кезде жануар организмінде дамиды патогенездік үрдіске қатысты жүйелік және мүшелердің функционалдық қызметтерінің өзгерістерін анықтаудағы заманауи клиникалық және зертханалық зерттеу әдістерін меңгереді.

### **Пререквизиттер**

Ит және мысықтардың жұқпалы емес ішкі аурулары

### **Постреквизиттер**

Онкопатология

## **Төлдердің жұқпалы емес ауруларының диагностикасы**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән жануарлар төлдерінің жұқпалы емес ауруларын балау барысында қарастырылатын этиопатогенетикалық факторларды – эмбриональды және постэмбриональды тұрғыдан саралап тексеруді оқытады. Осыған орай төлдің эмбриональды жетілу кезіндегі аналық жануарға көрсетілетін зооветеринариялық жағдайлар талқыланады. Сондай-ақ, төлдің туғаннан кейінгі жас төлдің анатомо-физиологиялық және биологиялық ерекшелігіне қарай факторлық аурулардың этиологиялық салдарлары зерделенеді. Сонымен қатар жүйелік ауруларды диагностикалаудағы ажырату тәсілдері оқытылады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Пәннің мақсатында – негізгі ұстанымдар негізінде нозологиялық ауру түріне қатысты синдромдық көрсеткіштерді нақты тануды және оның диагностикасындағы ұтымды тексеру әдістерін меңгеру оқытылады. Жалпы аурудың негізгі факторлары бойынша олардың жіктелуіне дәйектемелерді беру меңгеріледі. Осыған орай кешенді емдеу жүйесі құрастырылып, тағайындалатын шипа ұсынымға негіздеме беру игеріледі.

### **Оқыту нәтижелері**

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

ON7 Жануарлар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, организмдегі этиопатогенетикалық процесс негізінде терапиялық жүйені қалыптастыруды меңгеру.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Жануарлардың биологиялық ерекшелігіне қарай төлдер ауруларының диагностикасында этиопатогенетикалық үрдісті эмбриональдық және постэмбриональдық тұрғыдан қарастыруды түсінеді. Осыған орай туындаған дерттік үрдістің негізгі этиологиясын сараптауды меңгереді. Сонымен қатар төлдер ауруына кешенді емдеудің жүйелік құрылымын құрастыруды игереді.

#### **Пререквизиттер**

Мал шаруашылығындағы биотехнология

#### **Постреквизиттер**

Клиникалық анатомия (Секциялық курс)

### **Клиникалық анатомия (Секциялық курс)**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Ветеринариялық медицина практикалық тұрғыдан клиникалық патологиялық нысан ретінде зертханалық тексеруге алынған биологиялық сұйықтардағы қан, несеп, қуыстық сұйықтықтар немесе тіндік аспираттардың химиялық құралдар, микробиологиялық, гематологиялық және молекулалық патологиялық тұрғыдан тексерулері қарастырылатын ілім саласы оқытылады. Бұнда патологиялық үрдістер динамикасын анықтауда молекулалық және субторшалық (торшалық органеллалық деңгей) және торшалық деңгей сондай-ақ, мүше мен организмге тұтастай баға беру тетіктері меңгеріледі.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Жануарлардың өлген себептері туралы қорытынды жасау үшін өлі және өлтірілген жануарларды сою дағдысын меңгеру.

#### **Оқыту нәтижелері**

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Жануарларға арналған эксперименттерді жоспарлау және жүргізу, эксперименттердің нәтижелерін талдау, патологияның клиникалық формаларын зерттеуге арналған эксперименттің мәнін дұрыс түсіну.

#### **Пререквизиттер**

Ветеринариялық медицинаның қазіргі замаңғы мәселелері

#### **Постреквизиттер**

Зерттеу практикасы

### **Онкопатология**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Қазіргі жағдайда жануар арасында онкологиялық аурулар мәселесі де ветеринариялық практикада өзектілігімен ерекшеленуде. Осыған орай ветеринариялық медицинада жануар организміндегі онкологиялық патогенетикалық үрдістер динамикасын балау және алдын ала өте ерте мерзімде анықтау мәселесі ғылым мен техниканың жетістіктері оқытылады. Бұндағы бір этиопатогенетикалық маңызды фактордың бірі ретінде генетикалық аномалдық бейімділік, тұқым қуалаушылық және өсіру жағдайындағы жағымсыздықтарды анықтау мақсатында жаңа ғылыми ізденістерді зерделеуді меңгереді.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Мезенхимальды ісіктердің, жүйке және меланинді түзетін тіндердің ісіктері, қан түзуші және лимфа ұлпаларының дамуын зерттеу.

#### **Оқыту нәтижелері**

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON4 Эпизоотологиялық талдауды, инфекциялық емес және инвазивтік ауруларды диагностикалауды және емдеуді меңгеру. Жануарлардың өлу себептерін анықтау.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Ісік клеткаларының морфологиялық ерекшеліктерін түсіндіруге;зілсіз және зілді ісіктерді ажырата білу; лейкемия мен аймақтық қан түзу мүшелерінің ісік ауруларының патогенезін түсіндіру. Қазіргі заманғы зерттеу әдістерін қолдану және жануарлардың өлу себептерін анықтау

#### **Пререквизиттер**

Ветеринариялық медицинаның қазіргі замаңғы мәселелері

#### **Постреквизиттер**

Зерттеу практикасы